



ЕРКІРМЕЙТІН ЕСТІ ӘНДЕР ШЫРҚАЛҒАН КЕШ

Жастар арасындағы мәдениет деңгейін анықтау үшін олардың бос уақыты қалай өткізілетінін зерттеу маңызды. Ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Міне, осыны негізге алған аудан әкімі Мурат Жолкелдіұлы барлық ауылдық округтегі мәдениет саласы өкілдеріне әр сенбі сайын «Ауыл кеші көңілді» атты тақырыпта ән көшіні ұйымдастыруды тапсырды. Шараның мақсаты – кейінгі ұрпақ пен аға буын өнері арасындағы байланысты нығайта отырып, келешекті патриоттық рухқа тәрбиелеуге бағытталды.

Лаура БИБАСАРОВА

Сенбінің кешінде Түгіскен ауылдық клубы үйінің ауласында жиналған өнер сүйер қауым тамаша ән кешіне куә болды. «Ауыл кеші көңілді» атты ауыл өнерпаздары мен тұрғындардың басын қосқан әдемі кешті аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрымжан Бұлдырықов пен ауыл әкімі Серік Тұғанбаев ашты.

– Қай кезеңде, қай елде болмасын мәдениет пен өнер халықтың рухани болмысының айнасы, бағдарлы болашағының бастауы. Демек, мәдениеттің өсуі – елдің, ұлттың өсуі. Ал өнерімен өрге жүзгенің өресі биік болары жақ екенін ескерсек, небір сұлейлер мен ақын-жазушыларды, сахна саңлақтарын түлетіп ұшырған Түгіскенде осы күні сол ұрпақтың ізін жалғар кереметтей жастар өсіп келеді. Тек оларға дұрыс жол көрсетіп, бағдарлы бағыт көрсетсек келешегіміз кемел болмақ, – деді Нұрымжан Сәбитұлы.

Одан әрі кешті ұйымдастырушылар Түгіскеннен түлеп ұшқан тұма талант иелері – қобызшы Бұрхан Мұхамеджанов, мәдениет саласының майталманы Әбдірейім Әміров, сазгер, күйші, дерижер Құлахмет Нәлтайев және «Дарын» сыйлығының иегері, әнші Серік Ибрагимовтердің өнер жолына шолу жасап, олардың әр жетістігі үшін қуанып, мақтанаттылықтарын жеткізді.

Сонымен ашық аспан астында, отты алау жанында ретро стильде киінген өнерпаздар сағынышқа толы сағым жылдарға қол бұлғап, жиналған көпшілікті жастық шағына қайта оралтып, ескірмейтін есті әуендерден шашу шашты. Мәселен, «Құдаша», «Арманым», «Жүрегім жүрегімнен егіз бе едің?», «Неге солай», «Көңіл сыры», «Нұрикамал», «Құстар қайтып барады», «Мен саған өкпелемеймін», тағы сол сияқты жетпісінші-сексенінші жылдардың хит әндері көрерменге жол тартты.

Иә, ауыл – халқымыздың бойына нәр құятын алтын бесігі, ұлттық рухтың қуат алар бұлақ көзі. Әсіресе мұны бірлігі мен ынтымағы жарасқан Түгіскен ауылына барғанда байқамау мүмкін емес. Небір талант иелері мен өнер тарландарынан кенде емес ауылдың жайы көзқарасты оқырманымызға да төл басылым арқылы жақсы таныс. Бұл бағытта ауыл мәдениетінің ауқым тарылмаса екен деп елді-мекеннің гүлденуіне үлес қосып, жастардың бос уақытының сапалы өтуіне жағдай жасап жүрген Бақытұл Тасхожаева басқаратын ауылдық клуб үйінің жұмысы бір төбе.



ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҰЖДАННЫҢ ІСІ

Қазақтан шыққан ұлт қайраткерлері қатарында маңдайы озық, жұлдызы биік, оқшау тұрған тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы туралы біз толық танып-блдық па? Жоқ. Дара тұлғаның 150 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО деңгейінде атап өту талабы осы оқылықтың орнын толтыруға жасаған қадамның бірі дей аламыз.

Т Баян ҮСЕЙІНОВА
Алаш ардақтарының бүгінге дейін тани алмауымызға не себеп? Өткен ғасырдың басынан қазақ жеріне көктей еніп, жымысқы саясатын жүргізе бастаған орыс отаршыларының көздеген мақсаты да осы. Ұлтты ұызынан ажыратып, тағынан тайдырып, тәуелді ел етудің бар

айналасында олардың аттары атала бастады, там-тұмдап болса да мектеп оқулықтарына енді. Ал одан алдыңғы буын бұл кісілердің атын да естіген жоқ, айтыла қалған күнде қазаққа күмәнді, ұлтты адастырған тұлғалар ретінде бірді-екілі қаралау құпия деректермен шектелді. Мәселен, біздің буын мектепте олар туралы бір ауыз мәлімет алған емес. Кейін мерзімді басылымдар арқылы аттарын оқып, еңбектерімен таныстық. Одан гөрі «ұлы халық» саналған орыстың оқымыстылары, батырлары туралы көп оқытылып, көп насихатталды. Бір қуанарымыз, біздің балаларымыз ұлт қайраткерлері жөнінде балабақшадан біліп, саналары сайрап тұр. Алдағы мақсат – ұлт көсемдерін өз тағына шығарып қана қоймай, олардың ұлы енегесін әрбір намысты жан әрмен қарай жалғауға міндетті.

Ахмет еді. Халықтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарын күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып, ұлықтық іздеп жүргенде Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Өзінің ойға алған ісі үшін басын бәйгеге тікті. Ахмет бір халықты біз құсап, «бай», «кедей» деп екіге бөлген жоқ, тұтас жақсы көрді. (Ахмет Байтұрсынұлының 50-жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінен) десе, екіншісі, кейінгі ұрпақ өкілі, Тәуелсіздікке ерекше үлес қосқан халқымыздың ғұлама жазушысы Әбіш Кекілбаев: Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып, қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған телерінің бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген ертегінің ерлеріңдей ерен тұлға. Тұған халқының рухани жаңғыруын тап оңдай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қосқан алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, одан кейін де болған емес. (Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдығында жасаған баяндамасынан), – деп бағалайды. Міне, сонау аласапыран заманда адам төзбес азаттың, жан шыдамас қорлықтың небір сұмдығының зардабын бастан кешкеніне қарамастан халқының азаттығы жолында «бір ұлттың талайының қолынан келе бермейтін шаруаны бір өзі тындырып, болмайтынды болдырған» жанкешті еңбегі ел есінде осылай қалуы тиіс.

амал-тәсілін қолданған жоқ па? Ахмет секілді ұлт қамын ойлаған арыстарымыз «халық жауы» атанып, «итжеккенге» айдалды, атылды, асылды, асыл арманы құл-талқан болды. Сондықтан келесі буын олар туралы аз біледі. Онда да ел егемендігіне ие болған отыз жылдың

Дәрігер болу үшін алдымен тәзім, содан соң мейірімді мінез қажет-ау. Құсқа қос қанат қандай қажет болса ақ халатты абзал жан атана білу үшін осынау қос қасиет соншалықты қымбат.

Т Баян ҮСЕЙІНОВА

ЕҢ ҚАЙЫРЫМДЫ МАМАНДЫҚ

Жасынан дәрігер болам деп талаптанған кісінің осы қасиеттің ауылынан алыс болмайтындығы содан шығар. Әйтпесе, екінің бірі салмағын атан түіе тарта алмас жауапты мамандыққа пейіл бере бермейтін байқауға болады. Ал бүгінгі кейіпкеріміздің өмір жолы осындай киелі кәсіпке кездейсоқ келсе де абыройды иелену бақыты бұйырған жан екендігімен ерекшеленеді. Ол кім десеңіз, Білілбай ауылының тумасы Байтемір Әбсеметұлы туралы әңгіме өрбітпекпіз.

Орта мектепті бітірген соң мал баққан әкесінің таяғын қолына алып, шаруашылыққа араласыпты. 1976 жылы

берді алыстағы мал отарларына жедел шақырумен үйден түзде болғаны көп келіншектің жұмысы ауырлап кетті. Содан ол күндердің күнінде жолдасына қолқа салды. Оқуға. Медициналық білім алып, дәрігерлікті менгерсе мына қияпат қиындықты бірдей бөлісіп, иыққа артылған жүгі жеңілдер еді. Одан басқа кім жәрдем береді? Жарының қолқасын жүрегімен қабылдап, осы жолға тәуекел еткен Бекең Түркістан қаласындағы медициналық училищеге құжат тапсырып, оны ойдағыдай бітіріп келді. Дипломын алып, аудандық аурухана бастығы Егленберді Әмітовтің алдына келді. Бұл 1983 жылдар болатын. Міне,



Сондай оқиғалардың бірін әңгімелеп беріңізші деп едік, ол кісі мына оқиғаны баяндап берді: Бірде кезекті сапармен келе жатып тау баурайында қарайған кісіні көзі шалып қалады. Иелігіндегі "Урал" мотоциклін тоқтатып, құлағын тосып еді, әлгі кісі де мұны көріп, доқтыр бала, мұнда кел, деп жандалбаса айқайлады. Жедел жанына барғанда байқады, ерте көктемнің кезі ғой, жонға таудан түсіп келе жатқанында арбасы аударылып, бас сүйегін жаралап, қан ағып жатыр екен. Жалма-жан жанынан тастамайтын сөмкесінен керек-жарақ медикаменттерін шығарып, жараланған жерді тазалап, таза дөкемен мықтап байлап, ауруханаға алып келді. Совхоз директоры Сансызбай Бөкеев Қалдарбек Ібішевті көрген сайын «доқтыр бала болмағанда өліп кетер ең» деп айтып жүрді. Ол кісі де кездескенде елпек қағып, бар құрметін көңілінің ізетімен білдіріп, арқасынан қағатын. Осының бәрі кісіні марқайтатын еңбегінің шынайы өтеуі сынды. Мұндайда өзінің көпке ортақ, адам баласының бәріне бірдей жан шұағын төге алатын жер бетіндегі ең қайырымды мамандық – дәрігерлікті таңдағанына еш өкінейді.

Сөйле, цифр!

Қант келісі осы бағаға төмендеді.

ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫҢ НӘТИЖЕСІ МОЛ

Жаңақорған «Жастар ресурстық орталығы» қолдауымен, Қазақстан «Жастар Одақтары» бірлестігінің ұйымдастыруымен, «Балық берме, қормақ бер» жобасы аясында ауданда "Жас кондитер" тегін мастер класы жоғары дәрежеде өтті.

Жан-жақты ұйымдастырылған мастер класқа ауданымыздағы көп балалы, жұмыссыз және өз кәсібін дөңгелеткісі келетін 14 қыз-келіншек қатысты. Бірлік ауылының тұрғыны, белгілі кондитер Жанар Сейтжаппарова сабаққа онлайн үлгіде қатысушы талапкерлермен де бар білгенімен бөлісіп, қазіргі таңда сұранысқа ие тәтті торттар және творготан жасалған пирог түрлерін жасауды үйретті. Мастер класын шәкірттері де қалыс қалмай, қолдарынан келгенше көмек берді. Шара соңында қатысушылар арнайы сертификаттармен марапатталып, дайындалған тәттілерден дәм татты. Енді осы талапкерлер алған білімдерін алдағы уақытта өз кәсібінде пайдаланып, сүйікті істерімен айналыса бастаса – еңбектің ақталғаны!

Арайлым ИСМАТОВА

ҚАНТ БАҒАСЫ НАЗАРДА

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына жататын шекер бағасы бүгіннен бастап кент орталығындағы "Занғар" сауда үйінде 510 теңгеге дейін төмендетіліп сатылуда.

Өткен аптада "Айсара" дара кәсіпкерлігі арқылы Талдықорған қаласындағы "Көксу" қант зауытымен келісім шарт жасалып арзандатылған 68 тонна шекер теміржол тасымалымен жеткізілді. Өткен аптада жасалған мониторинг қорытындысы бойынша шекер бағасы орта есеппен 630 теңгені құраса, бүгінгі таңға бұл нарық шамамен 18-20 пайызға төмендеді. Халыққа аса қажет әлеуметтік тауарлар бағасын тұрақты бағада ұстау тиісті тараптар назарында.

Берік АТАҚОЖАЕВ

